



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

25 шілде 2016 ж.

Комиссиялар тізбесін бекіту туралы

Жұмыс істемейтін кредиттер және қаржылық қызметтерді көрсету мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын басшылыққа ала отырып, Ұлттық Банк Басқармасы 2016 жылғы 30 мамырдағы № 134 қаулысымен жеке тұлғаға берілген банктік қарыз және микрокредит беруге және оларға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің тізбесін бекітті.

Жеке тұлғалардың қарыздары мен микрокредиттері бойынша бекітілген комиссиялар мен өзге төлемдер тізбесі жан-жақты қамтылған тізбе болып табылады. Мұндай комиссиялар мен өзге төлемдердің жалпы саны 11-ден аспайды (*Анықтама үшін: банктер 40-тан аса комиссиялар мен өзге төлемдерді алған*). Бұл ретте банктер мен микроқаржы ұйымдары кредит талаптарына қарай бекітілген 11 комиссия мен төлем ішінен азын ала алады.

Барлық банктер мен микроқаржы ұйымдары үшін бірдей комиссиялар мен өзге төлемдерді енгізу қажеттілігі комиссиялар мен өзге төлемдер тізбесін бекітудің мақсаты болып табылады. Бекітілген тізбе қолданыстағы және неғұрлым жиі алынатын комиссиялар мен төлемдерге талдау жасау нәтижесінде жасалды. Осыған байланысты комиссиялар мен төлемдер барлық банктер мен микроқаржы ұйымдары үшін саны жағынан ғана емес, олардың атауы мен мағыналық мақсаты жағынан да біріздендірілді.

Ағымдағы 1 шілдеден бастап банктер мен микроқаржы ұйымдарының қызметіне кредиттеу кезінде қойылатын мұндай бірыңғай талаптар қарыз алушы үшін қарыз бойынша банктердің бекітілген тізбеге енгізілген комиссиялар мен тізбелерді алатындығына кепілдік береді.

Ұлттық Банктің енгізілген талаптары қарыз алушылардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға, барлық банктің қарыздарды беру кезінде алатын барлық ықтимал

комиссиялары мен төлемдері туралы қарыз алушыны хабардар ету деңгейін көтеруге, кредиттердің қымбат құнын төмендетуге бағытталған.

Толығырақ ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 3302 497

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz